



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Вице-премьер–Су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штаб басшысының орынбасары Қанат Бозымбаев және Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов Қарағанды облысындағы су тасқыны жағдайын тексерді. Премьер-министрдің орынбасары және ТЖМ басшысы Қарағанды облысындағы өзен алаптарын әуел-

жұмыс істеп тұр. «Нұра мен Шерубай-Нұраның бас жағында қардың тез еруі басылды. Қар беті қалың емес. Нұра өзеніне қосылып жатқан артық су байқалмайды. Қарқаралы және Бұқар жырау аудандары аумақтарында су тасқынының шарықтау шегі өтіп кетті десе де болады», деп баяндады ТЖД бастығы Мұрат Қатпанов. Штаб басшысының орынбасары Шет ауданы ауыл-

Жарамсыз деп танылған үйлер жаңадан салынады



ден бақылап, өңірдегі ахуалмен танысты. Жағдай күрделі деп бағалануда: өңірде су тасқынының екінші толқыны болжанып отыр. Нұра, Осакаров аудандары аумақтарының 40%-ында және Ақтоғай ауданының солтүстік бөлігінде қар ерімеген. Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін су тасқыны қаупі бар аудандарға азаматтық қорғау қызметінің қосымша күштері мен құралдары тартылды. Барлық қажетті жұмыстар жүргізілуде, дамбылар нығайтылып, жергілікті атқарушы органдар мен қызметтер техникамен қамтамасыз етілді. Штаб басшысының орынбасары ТЖ режимі жарияланған Шет ауданындағы жағдаймен танысты. Төрт ауылда – Қайрақты, Ақсу, Красная Поляна, Деріпсалда 40 үйге су кірген, 292 адам құтқарылды, олардың 114-і бала. Қазіргі уақытта жағдай біршама тұрақталып келеді, кейбір тұрғындар үйіне қайтып келіп жатыр. Қанат Бозымбаевқа су тасқыны ауыр салдарының алдын алу үшін қабылданған шаралар туралы баяндалды. ТЖД мәліметінше, ең қиын кезең 29-30 наурызда болған. Қазір су қоймасы күшейтілген режимде

дарының зардап шеккен тұрғындарымен кездесу барысында су тасқынынан келген барлық шығынды Комиссия бағалап, толық өтеледі деп атап өтті. «Мемлекет басшысы су тасқыны зардаптарын барынша азайтуды, бірінші кезекте, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді тапсырды. Комиссия барлық үйді тексереді. Көмек көрсетіледі, мүлік қалпына келтіріліп, өтеледі. Егер үйлер жарамсыз деп танылса, жаңасы салынады немесе екінші нарықтан басқа баспана сатып алынады», деп түсіндірді Қанат Бозымбаев ауыл тұрғындарына. Қазір Штабтың басты назарында–Нұра өзенінің алаптары. Облыс әкімдігі елді мекендерді су басу қаупінің алдын алу мақсатында превентивті шаралар қабылдап жатыр. Өз кезегінде Үкімет тарапынан барлық қажетті көмек көрсетіледі. Ақмола облысы мен Астана қаласы әкімдеріне Аршалы және Целиноград аудандарында су тасқынына қарсы күштер мен құралдар дайындау бойынша тапсырмалар берілді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Алдағы жоспарлары баяндалды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Әлихан Смайыловты қабылдады.



Президент Жоғары аудиторлық палатаға бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді және рационалды жұмсалыуын республикалық, сондай-ақ жергілікті деңгейде қатаң бақылауды қамтамасыз ету міндеті жүктелетінін айтты. Өз кезегінде Әлихан Смайылов мемлекеттік аудит жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі ой-пікірін жеткізді, сондай-ақ ведомствоның

осы жылға арналған жоспары туралы баяндады. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Әлихан Смайыловтың мол тәжіри-

бесі мен кәсіби біліктілігі жүктелген міндетті сапалы орындауға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Ақтөбе облысында 4 су қоймасы салынады

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Ақтөбе облысының тұрғындарымен кездесуде өңірде 4 су қоймасы салынатынын айтты.

Министр №18 орта мектепте су тасқынынан зардап шеккен облыс тұрғындарымен кездесті.

«Кеше су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және оның зардабын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысында Мемлекет басшысы бірінші кезекте апаттан зардап шеккен азаматтарға келтірілген залалды толығымен өтеуді тапсырды. Жергілікті атқарушы органдар тасқын шығынын бағалайтын арнайы комиссия құрып, жұмысты бастап кетті», деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.



Сондай-ақ министр №18 орта мектеп ұжымына облыс тұрғындарына қиын сәтте көмек көрсеткені үшін алғыс білдірді.

Сыйақы мөлшері белгілі болды

Мәдениет және спорт министрлігі халықаралық спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне, жаттықтырушыларға және спорт түрлері бойынша құрама командаларының мүшелеріне берілетін ақшалай сыйақы мөлшерін жариялады.

Министрлік мәліметінше, ең көп ақшалай сыйлықты олимпиада, паралимпиада және сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлері алады. Алтын жүлдегер атанған спортшылар мен олардың жаттықтырушыларына әрқайсысына 250 000 доллардан беріледі, күміс жүлде үшін 150 000 доллардан, қола үшін 75 000 доллардан беріледі.

Әлемдік рекорд орнатқан кез келген қазақстандық спортшыға мемлекеттен ақшалай сыйақы беріледі. Рекорд орнатқан спортшы



мен оның жаттықтырушысы 5000 доллар көлемінде сыйақы алады. Айта кетейік, халықаралық олимпиада комитеті спортшыларға ақшалай сыйлық төлемейді. Қатысу-

шы елдер ғана өз спортшыларын марапаттайды. Ал Қазақстан спортшыларына ең көп сыйақы (алтынға 250 000 доллар) беретін елдер тізімінде.

Сыйақы бойынша рейтингтің көшбасшысы - Сингапур, бұл елде чемпионға миллион долларлық чек беріледі. Алайда, бұл ақшаға салық салынады, қаржының бір бөлігі спортты дамытуға және кейінгі жаттығу шығындарын жабуға жұмсалады.

Ұлыбританияда, Швецияда, Хорватияда, Норвегияда және әлемнің басқа да бірқатар елдерінде олимпиада жеңімпаздарына ештеңе төленбейді. АҚШ-та олимпиада чемпионы 37,5 мың доллар алса, Ресейде 54,5 мың доллар алады. Ал Нигерия мен Сенегал үкіметтері жүлделі спортшыларына сиыр сыйға тартады.

СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ҚАРАЛДЫ



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі алғашқы мәселе ауданның биылғы жылдағы түйінді нысаналы индикаторлары бойынша аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков хабарлап, әр сала бойынша атқарылу керек шараларға жеке-жеке тоқталып өтті.

Сондай-ақ су тасқыны мен табиғи апаттың алдын алу шаралары бойынша аудандық төтенше жағдайлар

бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Қанат Ақбаев баяндама жасап, аудан әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің басшысы Бекзат Мыңжасаров ауылдық округтер мен кенттерді абаттандыру және тазалық жұмыстарына қатысты шараларды кеңінен қамтыды.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша аудан басшысы сала мамандары мен ауыл, кент округ әкімдеріне тиісті тапсырмалар жүктелді. Тазалық жұмыстарына немқұрайлық таныт-

қан бірқатар әкімдердің мәселесін қарап, жұмыстарын сынға алды.

Сонымен қатар, су тасқынының алдын алу шаралары бойынша да нақты міндеттер жүктелді.

- Қазіргі таңда елді мекендердің ішкі көшелерінде бекітіліп қалған арық-атыздар жетерлік. Көмілген арықтар мен су өткізгіш құбырларды тазартып, су бөгеттерін қарау керек. Әкімдерге осы бойынша жұмысты үйлестіруді тапсырамын. Бұл бағыттағы жұмыстар тек көктем мезгілінде емес, әр жиынның күн тәртібінде қаралады. Алдағы уақытта осы бойынша атқарылған жұмыстарды аралап, бақылауыма аламын, деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы жауаптыларға өздеріне жүктелген міндеттерге салғырттық танытпауды ескертті.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫС ЖАЛАУЫН КӨТЕРДІ

Аудан орталығында орналасқан «Нұр-Аман» сауықтыру кешенінде бокстан жастар мен жасөспірімдер арасында аудан әкімінің жүлдесі үшін ұйымдастырылған Халықаралық жарыс жалауын көтерді.

Байрақты бәсекенің ашылуында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жас спортшыларға ізгі тілегін арнап, спорт саласы бойынша атқарылған жұмыстар мен алдағы жобаларға тоқталып өтті.

-Халқымыз ежелден денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа балаған. Бүгінде спортты дамыту-мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Өткен жылы ауданда спорт саласы бойынша 8 жоба іске асып, жылды табысты қорытындылады. Келер жылы осы бәсекені заман талабына сай жабдықталған спорттық-сауықтыру кешенінде өткізетін боламыз. Осындағы спортты жанына серік еткен жастарымыз Халықаралық сайыстарға тұрақты қатысып, әркез жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектеспін. Алдағы күндеріміздің бәрі жарық, жақсылық болғай, деді аудан басшысы.

Ардагер спортшы Шәдібеков Анарбай құттықтау сөз сөйлеп, ақ батасын арнады.

Айта кетейік, аудандық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен дәстүрлі түрде өткізіліп келген Халықаралық жарысқа көршілес Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан мемлекеттері мен еліміздің бірнеше өңірінен 25 команда қатысуда. 18 салмақ бойынша жиналған 300-ге тарта жас спортшылар өзара сынға түсіп, кіл мықтының ішінен кім мықтыны анықтайды. Жарыс сәуір айының 5-не дейін созылады.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



Бақырлыда наурыз мерекесі ерекше аталып өтті

25 наурыз күні Созақ ауданы Қаратау ауыл әкімдігіне қарасты Бақырлы ауылында Наурыз мейрамына арналған мерекелік іс-шаралар өтті. Ауыл тұрғындары мерекелік дастархан жайып, ұлттық тағамдардың мол түрімен ерекшеленді. Ең басты тағам Наурыз мейрамының символы-Наурыз көже болды! Мерекелік атмосфера болды, табиғаттың өзі адамдарға жылулық пен күн шуағын сыйлады. Баршамызға бейбітшілік, жақсылық пен амандық тілей отырып, ақсақалдар ақ батасын берді. Ұлттық спорт түрлері бойынша түрлі тақырыптық конкурстар мен жарыстар өткізілді: асық ату, гір тасын көтеру, арқан тарту, қол күрес және футбол! Мереке тамаша өтті, қонақтар мен қатысушылардың ешқайсысы сыйлықсыз қалмады. «Қаратау» ЖШС барлық спорттық іс-шаралар мен конкурстардың демеушісі болып, естелік сый сипаттар табыстады. Айта кеткен жөн болар, аудан аумағында табиғи уран өндірумен айналысып жатқан бірқатар бірлескен кәсіпорындар бар. Соның ішінде «Қаратау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшылығы Қаратау, Қарағұр ауылдарына, әкімдіктерге



қарасты елдімекен тұрғындарына үнемі көмек қолын созып, атаулы мерекелер сайын демеушілік танытып тұрады. Жергілікті тұрғындармен тығыз байланыс ұстайды. Бұл бағыттағы игілікті шаралар үшін тұрғындар айтып, ризашылықтарын жеткізді.

Нұржамал МАЙУСОВА.

ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНАДА «ҚАЗЫНАЛЫ КЕРУЕН- 2024» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен «Қазыналы керуен» акциясы өтті.

Акцияны Ордабасы, Бәйдібек, Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі өткізді. Шараға келген зиялы қауым өкілдеріне арнайы жасақталған кітап көрмесі таныстырылып, тарихтан сыр шертер қойылым көрсетілді.

Акция басында аудандар өз өлкелерінен шыққан ақындарының шығармаларын нақышына келтіріп оқырман жүрегіне жеткізе білді. Ал акцияның екінші бөлімінде «Ұлы дала тарихы» тақырыбындағы көріністер қойылды. Атап айтқанда, Ордабасы ауданы



«Сақ дәуірі» мен «Қазақ хандығы» бойынша «Қазақ хандығы – киелі Түркістанда» қойылымы, Бәйдібек ауданы «Алаш зиялылары» бойынша Алаш зиялыларының бірі де бірегейі А.Байтұрсынұлының «Анаға хат» шығармасынан қойылымын, Созақ ауданы «Жаңа Қазақстан» бойынша қойылымын көрерменге ұсынды.

Аудан зиялы қауым өкілдері акцияның оқырманға берері мен танымдық тұстары жайлы сөз сөйледі.

Айта кетейік, жобаны ұйымдастырудағы басты мақсат-терең тарихымызды болшақ ұрпаққа насихаттау.

«Созақ үні»-ақпарат.

